

«KPI Inc.» ЖШС Бақылау кеңесінің
2021 жылғы 18 наурыздағы шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
№03/21 хаттама

**«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-нің
Корпоративтік этика кодексі**

Атырау қ., 2021 ж.

Басқарма Төрағасының сөзі	3
Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	4
Кодекс бізге не үшін керек	6
Жалпы ережелер	7
Корпоративтік құндылықтар	8
Қызметкерлермен және Лауазымды тұлғалармен қатынастар	9
Мүдделі тараптармен қатынастар	11
Тәуекелдерді басқару	13
Кодексті сақтау мәселелері бойынша байланыс арналары	17

Құрметті әріптестер,

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-нің қазіргі таңдағы табысты қызметі және болашақта әлемдік деңгейдегі газ-химия компаниясы болу жолындағы Компанияның серпінді даму жетістіктері бизнес жүргізудің және іскерлік жүріс-тұрыстың жалпы мақсаттары, дәстүрлері мен мәдениетімен біріктірілген ниеттестер командасын қаншалықты таныта алатынымызға байланысты.

Корпоративтік этика кодексі КРІ барлық қызметкерлерінің кәсібіне, атқаратын лауазымына және жұмыс орнына қарамастан, жеке және ұжымдық жүріс-тұрыс нормалары мен қағидаларының жиынтығы болып табылады.

Кодекс әрбір қызметкер қызмет нәтижелері мен КРІ беделі үшін жауапкершілікті сезіне алатын, жігерлендіретін жұмыс атмосферасын қалыптастыруға және бұл ретте қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке басына компанияның көңіл бөлуіне үміт артуға бағытталған.

Корпоративтік этика кодексі – әрбір қызметкер өз саласында кәсіби маман және бірыңғай корпоративтік мәдениеттің бөлігі болып табылатын, осындай Компанияны құрудың аса маңызды құралдарының бірі.

Корпоративтік этика қызметкерлерді біртұтас әлеуметтік организмге біріктіретін негізгі элемент болып табылады. Қызметтің адамгершілік бағдарларын нақты түсіну барлық бөлімшелердің бір жолға қойылған жұмысы үшін қажет. Жоғары этикалық стандарттарға бейілділік ұжымда және сыртқы серіктестермен, қоғаммен және мемлекетпен қатынастардағы сенімді сақтауға және нығайтуға көмектеседі.

Кодекс нормаларын сақтау КРІ-дің қазіргі таңдағы беделін нығайтудағы және болашақта Компанияның стратегиялық мақсаттарын тұрақты дамытуды және қол жеткізуді қамтамасыз етудегі қадамдардың бірі болып табылады.

Әрбір қызметкер өзінің еңбегімен және жүріс-тұрысымен КРІ беделін және мәртебесін айқындайды. Сондықтан Кодексті мүлтіксіз сақтау КРІ қызметкерлері үшін жоғары басымдық болуы тиіс.

Басқарма Төрағасы

Данияр Тиесов

Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Термин, қысқарту	Анықтамасы
Лауазымды тұлғалар	1) заңға, Компанияның өзге құқықтық актісіне немесе құжатына байланысты Компания атынан әрекет етуге уәкілетті тұлғалар; 2) Компанияның Басқарма мүшелері.
Мүдделі тараптар	Компания қызметін жүзеге асыруға, оның ішінде Компанияның шешімдер қабылдау процесіне әсер етуі мүмкін немесе Компанияның қызметі шеңберінде мүдделері қозғалатын жеке және заңды тұлғалар.
Бәсекелес	Компания көрсететін (орындайтын, сататын) қызметтерге (жұмыстарға, тауарларға) ұқсас қызметтерді көрсететін (жұмыстарды орындайтын, тауарларды сататын) жеке тұлға, жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.
Контрагент	Компания шарт жасасқан не жасасуды жоспарлаған жеке немесе заңды тұлға (мысалы, қызметтер көрсету/тауарлар жеткізу туралы шарт, агенттік келісім, Компанияның өнімін, активтерін өткізу шарты және басқалар).
Мүдделер қақтығысы	Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның жеке басының пайдасы немесе қызметі Компанияның мүдделеріне қайшы келетін немесе олармен ықтимал қайшы келетін және сол арқылы олардың лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауына және Компанияға қатысты мәселелер бойынша шешімдердің объективтілігіне қарсы болатын кез келген жағдайлар немесе мән-жайлар.
Компания	«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Жеке пайда	Лауазымды тұлғаның/Қызметкердің қызметтік міндеттерін орындау кезінде ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзі және үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік және мүліктік емес құқықтар түрінде табыс алу мүмкіндігі.
Бағалы зат	<p>Осы Кодекстің мақсаттарында бағалы заттарға келесі сыйлықтар жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • бағалы заттар (зергерлік бұйымдар, өңделмеген және өңделген бағалы минералдар, бағалы және жартылай бағалы тастар); • депозиттік және жинақ сертификаттарын, акцияларды, үлестерді қоса алғанда, бағалы қағаздар; • яхталарды, автомобильдерді, ұшақтарды және басқа да көлік құралдарын қоса алғанда, көлік құралдары;

	<ul style="list-style-type: none"> • жылжымайтын мүлік; • антиквариат болып табылатын немесе мәдени немесе көркемдік құндылығы бар заттар; • көпшіліктің көзқарасы бойынша бағалы заттар ретінде қарастырылуы мүмкін басқа заттар.
Саяси маңызды тұлға	<p>1. Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы;</p> <p>2. Лауазымды тұлға – билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды атқаратын тұлға;</p> <p>3. Шетелдік лауазымды тұлға - шетелдік жария жиналыс мүшелерін, халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғаларын, халықаралық парламенттік жиналыс мүшелерін, шет мемлекеттің судьялары мен халықаралық соттың лауазымды тұлғаларын, сондай-ақ шет мемлекеттің қарулы күштері мен өзге де әскери құралымдарындағы лауазымды тұлғаларды қоса алғанда, шет мемлекеттің лауазымды тұлғасы.</p>
Қызметкер	Компаниямен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын тұлға, сондай-ақ агенттік және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт арқылы шарт бойынша тартылатын өзге де тұлғалар.
Комплаенс қызмет	Комплаенс мәселелеріне жауап беретін жауапты тұлға /Компанияның құрылымдық бөлімшесі.
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары.

Корпоративтік этика кодексі бізге не үшін керек?

Барлық мүдделі тараптар, соның ішінде акционерлер, қызметкерлер мен іскерлік серіктестер тарапынан біздің қызметімізге деген сенім сақталмай және жоғарыламай, біз стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізе алмаймыз.

Осы Кодекс құндылықтарды, негізгі қағидаттар мен мінез-құлық стандарттарын белгілейді, оларды басшылыққа ала отырып, біз барлық мүдделі тараптардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете аламыз.

Корпоративтік этика кодексі біздің корпоративтік мәдениетімізді дамытуға және біздің Компанияның нарықтың ашық және адал қатысушысы ретіндегі беделін нығайтуға бағытталған.

Кодекс біз тап болуымыз мүмкін тәуекелдердің барлық спектрін қамтымайды. Сондықтан, Корпоративтік этика кодексі дұрыс ойлау қажеттілігінен және ол үшін жауапкершілік артудан босатпайды.

Жалпы талаптар

Кодекс кімге қолданылады және ол қалай сақталады?

Кодекс Компанияның корпоративтік құндылықтарын бекітеді және барлық Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар басшылыққа алуы тиіс корпоративтік этика талаптарының жиынтығын білдіреді.

Бұл Кодекс мыналарға қолданылады:

- «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС

Кодексті сақтау

Әрбір Қызметкер мен Лауазымды тұлға Кодекстің ережелерімен танысуға міндеттенеді. Барлық Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар Кодекспен танысқандығы туралы растау нысанына қол қоюы тиіс.

Негіздер болған кезде Кодекстің талаптарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздік) жасаған немесе жол берген Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілікке тартылуға жатады.

Компанияның Контрагенттері мен Мүдделі тараптарына Кодекстің ережелерін ұстануға кеңес беріледі.

Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық заңнаманы ескере отырып әзірленді.

Егер Компанияның Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғалары орналасқан елдердің заңнамасы Кодекстің ережелеріне қарағанда неғұрлым қатаң талаптарды белгілесе, онда осындай заңнаманың талаптары қолданылады.

Егер Кодекстің жекелеген ережелері салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға немесе біреудің жеке көзқарастарына қайшы келсе, Кодекстің ережелері қолданылады.

СҰРАҚ

«Кодекс ережелеріне қатысты ұсыныстарды немесе кеңестерді кімнен алуыма болады?»

ЖАУАП

«Кодекстің ережелері бойынша ұсыныстар мен кеңестер алу үшін сіз өзіңіздің тікелей басшыңызға немесе Комплаенс қызметіне хабарласа аласыз».

СҰРАҚ

«Этикалық нормалардың, өзге де рәсімдердің, ішкі құжаттардың бұзылғаны, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы кімге хабарлай аламын?»

ЖАУАП

«Этиканы, өзге де рәсімдерді, ішкі құжаттарды бұзу фактілері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы Сіз Компанияның «жедел желісі» арқылы не осы Кодексте белгіленген байланыс арналары бойынша Комплаенс қызметіне дереу хабарлауға тиіссіз. Мұндай хабарламалар қудалаудан қорғау кепілдігімен құпия және жасырын негізде жасалуы мүмкін».

Корпоративтік этиканың негізгі құндылықтары мен қағидаттары

Компания қызметінің негізгі құндылықтары мен қағидаттары қандай?

Әділдік

- Біз адал әрекет етеміз
- Біз өз сөзімізде тұрамыз және қос стандарттарға жол бермейміз
- Біз барлығына тең мүмкіндіктер береміз және әділміз

Бейілділік

- Біз Компанияның мүдделері өз мүдделерімізден жоғары екендігін қабылдаймыз
- Біз Компанияға бей-жай қарамаймыз және бар нәрсеге ұқыптап қараймыз
- Біз бір командамыз

Даму

- Біз адамдар мен технологияларға инвестиция саламыз
- Біз жақсы жаққа өзгереміз және үнемі өсіп, әлемдік компания болуға ұмтыламыз
- Біз өзгерістерді басқарамыз

Қауіпсіздік

- Біз қызметкерлеріміздің, серіктестеріміздің және қоғамның қауіпсіздігіне қамқорлық жасаймыз
- Біз қоршаған ортаға қамқорлық жасаймыз
- Біз өз беделіміз туралы ойлаймыз

Жауапкершілік

- Біз ақылға салынған шешімдер қабылдаймыз
- Біз қателерімізден сабақ аламыз
- Біз табандымыз және тәртіптіміз

Қызметкерлермен және Лауазымды тұлғалармен қатынастар

Компанияның барлық Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғалары жүріс-тұрысының негізгі қағидаттары

Барлық Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар ішкі корпоративтік жүріс-тұрыстың келесі негізгі қағидаттары мен ережелерін ұстанады:

- Кодекстің ережелерін зерделеуге, түсінуге және адал орындауға міндеттенеді;
- өз міндеттерін және ішкі еңбек тәртібі ережелерін кәсіби түрде орындайды;
- Компанияның мүлкі мен қаржы қаражатын тек қана қызметтік мақсаттарда пайдаланады және басқарады;
- Мүдделер қақтығысының туындауын болдырмайды, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа жол бермейді;
- құпия ақпаратты жарияламайды;
- осы Кодекстің бұзылулары туралы уақтылы хабарлайды.

Жалдау мен еңбектің тең шарттары

Компания Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын, сондай-ақ жұмыс істейтін мемлекеттердің қолданылатын жергілікті заңнамасын сақтайды.

Компания Қызметкерлерді және Лауазымды тұлғаларды жұмысқа қабылдау, жетістіктерін бағалау және ілгерілету кезінде айқын және ашық өлшемшарттарға негізделген бірыңғай қағидалардың болуын қамтамасыз етеді.

Компания Қызметкерлердің құқықтарын қорғау немесе сақтау мақсатында Қызметкерлердің бірігу және ұжымдық шарттар жасасу құқығын мойындайды.

Кемсітуге және қысым көрсетуге тыйым салу

Компанияда қорқытуға, оның ішінде әзілмен қорқытуға және нәсілдік, діни, ұлттық, жыныстық, саяси немесе өзге де

қатыстылығы, жыныстық шығу тегі, мүліктік және лауазымдық жағдайы, қарым-қатынас тілі және басқа да мән-жайлар негізінде біреуге қатысты кез келген кемсітушілікке, сондай-ақ көрсетілген белгілер негізінде жекелеген Қызметкерлерге қандай да бір артықшылықтар беруге жол берілмейді.

СҰРАҚ

«Жақында келіссөздер барысында менің жетекшім, менің ойымша, дұрыс әрекет етпеді, мені Контрагенттің көзінше жаман маман деп атады. Мен өзімді ыңғайсыз сезіндім. Осындайға жол беріледі ме?»

ЖАУАП

«Жоқ. Компания біздің Контрагенттеріміздің алдында өзінің кәсіби беделін нығайту үшін күш салады, сондай-ақ Қызметкерлердің қадір-қасиетін қорлауға жол бермейді».

Қызметкерлермен және Лауазымды тұлғалармен қатынастар

Компанияның басшы Қызметкерлері жүріс-тұрысының негізгі қағидаттары

Компанияның басшы Қызметкерлері жеке мысалмен этикалық мінез-құлықтың үлгісін көрсетіп, «жоғарыдан жөн сілтеп отырулары» тиіс

Компанияның басшы Қызметкерлерінің міндеттері:

- Қызметкерлерді Кодекстің ережелерін таныстыруды, сақтауды және әдеп мәселелерін талқылауға бастамашылық ететін Қызметкерлерге қолдауды қамтамасыз ету;
- Кодекстің ережелерін бұзушылықтарды жою бойынша дереу шаралар қабылдау;
- бағалау жүргізу кезінде Қызметкерлердің Кодекс талаптарын сақтауын есепке алу;
- ұжымда ашық және құрметпен қарым-қатынас ортасын құру;
- Қызметкерлерге қолданыстағы заңнаманың, Кодекстің немесе өзге де жергілікті нормативтік актілердің талаптарын бұзатын тапсырмалар бермеу;
- өзінің лауазымдық жағдайын қарамағындағы қызметкерлердің мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, баса көрсетпеу және пайдаланбау.

Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғаларға тыйым салынады:

- Компанияны, Қызметкерлерді немесе Лауазымды тұлғаларды, Компанияның Мүдделі тараптарын теріс немесе бұрмаланған түрде білдіретін жария мәлімдемелерді жүзеге асыруға;
- тиісті қызметтік құзыреттілігі болмаса, Компания атынан әрекет етуге;
- есірткі және рұқсат етілмеген психотропты заттарды пайдалануға, жұмыс орнында мас күйде болуға, арнайы бөлінген орындардан тыс жерде шылым шегуге.

СҰРАҚ

«Менің қарамағымдағы қызметкер менің ойымша, тым көп сұрақтар қойып, жұмысымнан назарымды ашақтатады. Оған уақытты жұмсау маған әрдайым ыңғайлы емес екенін қалай сыпайы түрде түсіндіруге болады?»

ЖАУАП

«Сізден қарамағыңыздағы адамдарды сұрақтар қоюға, ұсыныстар енгізуге, сондай-ақ Кодексте және компанияда қабылданған басқа да нормаларда бұзушылықтар туралы хабарлауға шақырасыз деп күтілуде.»

СҰРАҚ

«Кейде үйде мен интернеттегі блогтарға шолу жасап отырамын. Бірнеше күн бұрын мен Компанияның бұрынғы қызметкерінің Компаниядағы тәжірибесін теріс сипаттаған пікірін байқадым. Мен оның пікіріне жауап бергім келеді. Мен мұны істей аламын ба?»

ЖАУАП

«Сіздің Компанияның атынан жауап беруге құқығыңыз жоқ. Алайда, Сізге Компания туралы ешқандай құпия ақпаратты ашағаныңызға көз жеткізіп, Компаниядағы жұмыс туралы жеке көзқарасыңызды білдіруге жол берілгенді (бірақ ұсынылмайды).»

Мүдделі тараптармен қатынастар

Акционерлермен, мемлекеттік органдармен және Саяси маңызды тұлғалармен қатынастар

Компания акционерлерінің құқықтарын сақтау және қорғау негізгі басымдықтардың бірі болып табылады

Компания мен акционерлер арасында ақпарат алмасу тәртібін қоса алғанда, акционерлермен өзара қарым-қатынас жасау Қазақстан Республикасы заңнамасының, Компания өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттердің өзге де қолданылатын заңнамасының талаптарына, сондай-ақ Компанияның Жарғысы мен ішкі құжаттарына негізделген.

Компанияның Саяси маңызды тұлғалармен, мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасы

Саяси маңызы бар тұлғалармен, мемлекеттік органдармен немесе мемлекеттік меншіктегі немесе мемлекеттік бақылаудағы компаниялармен өзара іс-қимыл кезінде ерекше сақтық таныту қажет.

Қызметкерлерге, Лауазымды тұлғаларға және Компания мүддесін қорғайтын делдалдарға тыйым салынады:

- қандай да бір Саяси маңызды тұлғаға ақшалай қаражатты, сыйлықтарды, қонақжайлық белгілерін, кез-келген құндылықтарды беруге;
- Саяси маңызы бар тұлғаларға, мемлекеттік органдарға немесе мемлекеттік меншіктегі немесе мемлекеттік бақылаудағы компанияларға ресмиліктерді жеделдету үшін заңсыз төлемдерді жүзеге асыруға.
- Коммерциялық қызметті Саяси маңызы бар тұлғалармен бірлесіп жүзеге асыру сыбайлас жемқорлық тәуекеліне әкелуі мүмкін. Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғаларға ішкі рәсімдерге сәйкес алдын ала тексерусіз мұндай коммерциялық мәмілелерді жасауға тыйым салынады.

- Саяси маңызды тұлғалар Компания қызметкерлерін құттықтауға, өндірістік объектілердің салтанатты ашылуына, сондай-ақ мемлекеттік және ұлттық мерекелерге, сондай-ақ Компания мен осы Саяси маңызды тұлғалар арасындағы өзара іс-қимылды талқылау мақсатында басқа да іскерлік жиналыстарға шақырылатын іс-шараларға рұқсат етілді. Бұл ретте осы іс-шаралар/жиналыстар шеңберінде Саяси маңызды тұлғаға басқа шақырылған тұлғаларға қатысты артықшылықтар берілмейді.

Мүдделі тараптармен қатынастар

Контрагенттермен және Бәсекелестермен қатынастар

Контрагенттермен қарым-қатынаста Компания келесі қағидаларды ұстанады:

- заңдылық, ашықтық, шарттар талаптарын сақтау, сатылмайтындылық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік негізінде өзара іс-қимыл, сондай-ақ Контрагенттің үздік бағасы, сапасы мен талаптары, іскерлік беделі факторлары комбинациясының негізінде Контрагенттерді іріктеу;
- тендерлік комиссияның тәуелсіз жұмысын қамтамасыз ету және оның қызметіне араласпау.

Компания Контрагенттерден қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын, қызметкерлерге әділ қарым-қатынасты, балалар еңбегін пайдаланбауды, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді, қоршаған ортаны қорғауды және этикалық мінез-құлықтың өзге де қағидадарын ұстануды күтеді.

Бәсекелестермен қарым-қатынаста қызметкерлерге тыйым салынады:

- құпиялылық режимі белгіленген ақпаратпен Бәсекелестермен алмасуға;
- Бәсекелестермен Компания үшін жауапкершілікке әкеліп соғуы және оның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін баға немесе нарықты бөлу туралы ресми немесе бейресми келісім жасасуға;
- Бәсекелестер туралы құпия ақпарат алудың заңсыз әдістерін қолдануға;
- Бәсекелестер, олардың тауарлары/қызметтері туралы жалған мәлімдемелер жасауға.

Компания қолданылатын монополияға қарсы заңнаманы, оның ішінде бәсекелестікті қорғау туралы қолданылатын жергілікті заңдарды сақтайды.

Біз тек адал және шынайы жарнаманы пайдаланамыз және жарнамалық және маркетингтік іс-шараларды өткізу кезінде заңды немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуға жол бермейміз.

Жұртшылықпен қарым-қатынаста Компания келесі қағидаларды ұстанады:

- экономиканың әлеуметтік маңызы бар салаларын дамытуға бағытталған бағдарламаларға, егер бұл Компания Жарғысына, Компания акционерлерінің күтулері мен талаптарына және Компанияның басқа ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келмейтін болса, қолдау көрсетуге тырысады.
- бизнестің әлеуметтік жауапкершілік қағидадарын енгізеді.

СҰРАҚ

«Контрагент рұқсат алу үшін мемлекеттік қызметшінің пайдасына «жеделдету үшін ақы төлеуді» жүзеге асыруды ұсынды. Осы сомаға қаламақыны көбейту ғана қажет. Бұл қолайлы ма?»

ЖАУАП

«Жоқ. Контрагенттің ұсынысы елеулі бұзушылық болып табылады, ол туралы дереу хабарлау қажет.»

Тәуекелдерді басқару

Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында Компания келесі қағидаларды ұстанады:

- Компания қолданылатын жергілікті және халықаралық заңнаманы, Кодекстің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де ішкі құжаттардың ережелерін басшылыққа алады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы әлемдік стандарттарға өзінің бейілділігін растайды.
- Компанияда кез келген түрдегі және көріністердегі сыбайлас жемқорлықты қабылдамау қағидаты («нөлдік төзімділік» қағидаты) бекітіледі.
- Компания сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторларын сәйкестендіреді, жүйелі түрде өзектендіреді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту бойынша тиісті рәсімдерді әзірлейді және енгізеді және олардың сақталуын бақылайды.

Компания Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың кәсіби міндеттері арасындағы қақтығыстарға жол бермеуге тырысады. Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар мұндай жағдайлардан аулақ болу керек:

- Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар Компанияның мүддесі үшін қатаң түрде әрекет етуге және іскерлік шешімдер қабылдауға міндетті;
- Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар кез келген ықтимал мүдделер қақтығысы туралы алдын ала хабарлауға тиіс;
- Барлық жағдайларда Мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін жағдай реттелуге тиіс.

СҰРАҚ

«Мен Компанияның Қызметкерімін және бұрын Компанияға тауар жеткізетін Компанияның тең құрылтайшысы болдым. Өткен айда мен осы бизнестегі үлесімді іскери серіктеске саттым. Енді Мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы мәлімдей аламын ба?»

ЖАУАП

«Өз үлесіңізді сату туралы мәлімдеу қажет, бірақ егер сіз осы компанияны бейресми бақылауды жалғастырсаңыз, онда Мүдделер қақтығысы сақталады.»

Тәуекелдерді басқару

Ақпараттың құпиялылығы және меншікті қорғау

Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес немесе Компания өз қызметін жүргізетін мемлекеттердің өзге де қолданылатын жергілікті заңнамасына сәйкес осыған жатқызылған ақпарат құпия ақпарат деп танылады.

Құпия ақпаратпен жұмыс кезінде Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар келесі қағидатарды ұстанады:

- құпия ақпаратты қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;
- қолданылатын жергілікті заңнамаға сәйкес құпия ақпаратты жарияламайды;
- Қызметкерлер құпия ақпаратқа рұқсат етілмеген қол жеткізуді болдырмайды және құпия ақпаратқа рұқсаты жоқ басқа қызметкерлерге, сондай-Компаниядан тыс кез-келген үшінші тұлғаларға құпия ақпаратты жария етпейді, сондай-ақ деректердің жоғалуына немесе жойылып кетуіне жол бермеу туралы әрекет жасайды.

Қызметкерлерге және Лауазымды тұлғаларға келесі жағдайларда инсайдерлік ақпаратты қолдануға тыйым салынады:

қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыру, оны үшінші тұлғаларға беру немесе Компанияның қаржы құралдарын сатып алуға немесе сатуға үшінші тұлғаларды мәжбүрлеу/ұсынымдар беру үшін Жеке мақсаттарда пайдалануға.

Меншікті қорғау аясында Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар келесі қағидатарды ұстанады:

- ұрлықтың, бүлдірудің, ысырап етудің, ұқыпсыз қараудың алдын ала отырып, Компанияның мүлкі мен активтеріне ұқыпты қарау;

- Жеке пайда алу мақсатында Компания мүлкін пайдалануға тыйым;
- Компанияның зияткерлік меншігін қорғау;
- кез келген бұзушылықтар немесе алаяқтық жағдайлар ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен хабарлау.

Компания мүлкіне және активтеріне мыналар жатады: материалдық активтер, ақшалай қаражат, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар, «ноу-хау», бизнес-процестер туралы деректер, желілік ресурстар, еңбек ресурстары, сондай-ақ жазбаша хат-хабарлар мен мәліметтер және электрондық пошта және басқа байланыс жүйелері арқылы берілетін және қабылданатын немесе оларда сақталатын ақпараттар.

Тәуекелдерді басқару

Сыйлықтармен алмасу

Компания Контрагенттермен әріптестік қарым-қатынасты дамытуда және іскерлік практикасына сәйкес келетін сыйлықтармен алмасуға рұқсат етеді

Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын **Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар** сыйлықты буып-түю мен жеткізуге жұмсалатын шығыстарды қоса алғанда, құны 20 000 теңгеден аспайтын сыйлықтарды Контрагенттерге беруге **құқылы**. Компанияның рәміздері бар сыйлықтар мен кәдесый өнімдерін сыйға тартуға ғана жол беріледі.

Қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын **Қызметкерлер** Контрагенттерден күнтізбелік жыл ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген 2 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) аспайтын сомаға сыйлықтар алуға **құқылы**.

Лауазымды тұлғалардың Контрагенттен немесе оның атынан сыйлықтар алуға **құқығы жоқ**.

Мыналарға жол берілмейді:

- Саяси маңызды тұлғаға қатысты кез келген сыйлықтарды сыйға тартуға және қабылдауға;
- бір күнтізбелік жыл ішінде Контрагенттің бір өкілінің атына екіден көп сыйлық сыйға тартуға
- келесі форматтағы сыйлықтарды сыйлауға және қабылдауға:
 - Бағалы заттар;
 - Қолма-қол ақша және оның баламалары, соның ішінде банк карталары, жол чектері және сыйлық сертификаттары;
 - Берілуі Контрагент тарапынан шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін өзге де заттар.

Қандай-да бір жағдайда сыйлықтармен алмасу Қызметкердің, Лауазымды тұлғаның және/немесе тұтастай алғанда Компанияның беделіне кері әсерін тигізуі мүмкін жасырын сыйлықақы болып табылмауы тиіс.

Қызметкерлер немесе Лауазымды тұлғалар Контрагентке немесе өзге де тұлғаларға берген және алған барлық сыйлықтар ашылып, Қызметкерлер оларды Сыйлықтарды және қонақжайлық белгілерін тіркеу журналына енгізуге тиіс.

Тәуекелдерді басқару

Өкілдер шығысы, қайырымдылық және демеушілік көмек

Өкілдер шығысы, оның ішінде іскерлік қонақжайлыққа арналған шығыстар төменде көрсетілген барлық өлшемшарттардың жиынтығына сәйкес болуы тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаттың, осы Кодекстің қағидаттары мен талаптарына және қолданылатын заңнаманың нормаларына қайшы келмеу;
- Бағалы зат болып табылмау;
- Жасырын сыйлықақы немесе алушыға басқа бір заңсыз немесе этикалық емес мақсатпен әсер ету әрекеті болып табылмау.

Қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын **Қызметкерлер**, егер мұндай ымдау жасырын пара болып табылмаса, Контрагент есебінен іскерлік ланчқа/кешкі асқа шақыруды қабылдауға **құқылы**.

Лауазымды тұлғалардың Контрагент есебінен іскерлік ланчқа/кешкі асқа шақыруды қабылдауға **құқығы жоқ**.

Компания үшін Өкілдік шығыстар Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ айқындаған өкілдік шығыстарға арналған лимиттерден аспауға тиіс.

Қайырымдылық және демеушілік көмек

- Компания қайырымдылық және демеушілік көмекті «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорына ақшалай қаражат аудару арқылы ғана көрсете алады.
- Ескірген активтерді қайырымдылық мақсаттарға есептен шығару, аз қамтылған отбасыларға әкімдіктердің өтініштері

бойынша көмек көрсету Комплаенс қызметінің алдын ала келісуімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның тікелей нұсқауы бойынша қайырымдылық және демеушілік көмек қаражаттың мақсатты жұмсалуды туралы кейіннен егжей-тегжейлі есеп бере отырып, белгілі бір мақсаттарға жазбаша сұрау салу бойынша ғана көрсетілуі мүмкін.
- Компания қайырымдылықты төтенше ахуал және (немесе) төтенше жағдай жарияланған жағдайда немесе төтенше ахуалдың және (немесе) төтенше жағдайдың салдарын жою үшін ғана жүзеге асыра алады.

Кодексті сақтау мәселелері бойынша байланыс арналары

Комплаенс қызметі және «Жедел желі»

Компанияның COMPLIANCE қызметінің міндеттері:

- осы Кодекстің ережелері бойынша, сыбайлас жемқорлық және парақорлық, алаяқтық, іскерлік сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері, мемлекеттік органдармен қарым-қатынастар, осы мәселелер бойынша ішкі тергеу жүргізу мәселелері бойынша түсініктемелер мен консультациялар беру;
- осы Кодекстің ережелерінің сақталуына және жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша мониторингті және бақылауды жүзеге асыру;
- анықталған бұзушылықтар жағдайында Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғаларға қатысты тәуелсіз және объективті ішкі тергеулерге бастамашылық ету және жүргізу.

Компания Қызметкерлеріне қайда жүгінуге болады?

Кодекстің ережелерін, сондай-ақ Компанияның өзге ішкі нормативтік актілерін сақтау мақсатында COMPLIANCE қызметіне жүгіну арналары және «Жедел желі» құрылады.

COMPLIANCE қызметі:

Тел.: +7 (7122) 30 66 00,

e-mail: compliance@kpi.kz

Компанияның «Жедел желісі»

Тел.: 8 800 080 30 30

Тел.: 8 702 075 30 30

e-mail: nysana@csc.kz

nysana.csc.kz

СҰРАҚ

«Мен Кодекстің ережелерінің бұзылғандығы жайлы хабарлайын деп едім, бірақ менің дәлелдерім жоқ. Мұны істеуім керек пе?»

ЖАУАП

«Әрине, иә. Келіп түскен барлық өтініштер қарауға жатады. Егер көрсетілген фактілер тексеру барысында расталса, оның негізінде тергеу басталады. Компания Қызметкерлердің этика және compliанс мәселелеріндегі белсенділігін бағалайды.»